

# **БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТИСІ**

**«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
(«ОАЭК» АҚ)**

**Облигациялық бағдарламаның жиынтық көлемі  
15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге**

**Облигациялық бағдарламаның шығарылым проспектісі 2013 жылдың  
тамыз айының 01-не дейінгі жағдайлар бойынша жасалды, қаржы  
көрсеткіштері 2013 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша ұсынылды.**

Облигациялар шығарылымын өкілетті органның мемлекеттік тіркеуі проспектісі сипатталған облигацияларды алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстар беруді білдірмейді. Облигация шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алған өкілетті орган осы құжатта көрсетілген ақпараттың сенімділігіне жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестілігі тұрғысынан ғана қарастырылды. Осы проспект ақпараттың сенімділігі үшін жауапкершілік Эмитенттің лауазымды тұлғаларына артылады және олар ұсынылған ақпараттың сенімді екендігін, әрі Эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтындығын растайды.

**Алматы қаласы, 2013 жыл**

# 1-ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

## 2. Эмитент атауы

Эмитент атауы	Мемлекеттік тілде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Толық атауы	«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» Акционерлік Қоғамы	Акционерное общество «Центрально- Азиатская Электроэнергетическая корпорация»	Joint stock company «Central-Asian Electric Power Corporation»
Қысқартылған атауы	«ОАЭК» АҚ	«ЦАЭК» АО	JSC «CAEPCo»

### Эмитенттің бұрынғы толық және қысқартылған атаулары

Құрылған күннен бастап Эмитент өз атауын өзгертпеді.

## 3. Эмитенттің мемлекеттік тіркелуі туралы мәліметтер

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы 08.08.2008 жылғы № 93550-1910-АҚ куәлігі Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Алматы қаласы Әділет департаментінде тіркелген.

Эмитенттің алғашқы тіркелген күні – 08.08.2008 ж.

## 4. ҚР ҚҚА Басқармасының 2007.28.05. № 155 Қаулысымен алып тасталды

### 4-1. Салық төлеушінің тіркеу немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі

Бизнес сәйкестендіру нөмірі – 080840005767

## 5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факстің нөмірлері, электронды пошта мекенжайы туралы ақпарат

89 Эмитенттің орналасқан жері: 050012, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі,

Телефон: +7 (727) 258 49 41, факс: +7 (727) 258 49 42, E-mail: [info@energy.kz](mailto:info@energy.kz), [www.caepco.kz](http://www.caepco.kz)

## 6. Эмитенттің банк деректемелері

Банк атауы және деректемелері	Банктің орналасқан жері	Эмитенттің банк деректемелері
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ БИК EXKAKZKA	Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 80	KZ949420022030000400 (KZT) KZ519420022030000398 (USD) KZ769420022030000627 (EUR) KZ579420022030001260 (RUB)

## 7. Эмитенттің қызмет түрлері

Жарғыға сәйкес Эмитент келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- инвестициялық қызмет;
- жаңашылдық қызмет;
- энергетика, машина құру және өнеркәсіптің өзге де салаларында қызмет атқаратын отандық және шетелдік кәсіпорындардың дамуына үлес қосу;
- кеңес беру қызметтерін көрсету;
- Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- коммерциялық қызмет;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

Сәйкес лицензия, рұқсат, сертификат алуды қажет ететін қызметпен осы құжаттар алынған күннен бастап, кері қайтарылып алынғанға, әрекет ету мерзімі аяқталғанға немесе заңнамада көрсетілген тәртіпте заңдық күші жоқ деп танылғанға дейін Эмитент айналысуға құқылы.

### 7-1. Егер Эмитент қаржы агенттігі мәртебесіне ие болса, келесі мәліметтерді көрсетуі керек:

- 1) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес қаржы агенттігі ретінде экономиканың белгілі салаларындағы мемлекеттік инвестициялық саясатты жүзеге асыруға Эмитентке уәкілеттік беретін құжатты;
- 2) қаржы агенттігі мәртебесі берілген күнді (болған жағдайда).

Эмитент қаржы агенттігі мәртебесіне ие емес.

#### **8. Халықаралық рейтинг агенттіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы рейтинг агенттіктерінің Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға берген рейтингілері туралы мәліметтер**

Fitch халықаралық агенттігі 2013 жылғы 06 маусымда Эмитентке келесі рейтингілер берді:

- «BB-» шетел валютасындағы ұзақ мерзімді Эмитент дефолтының рейтингісі («ЭДР»), «Тұрақты» болжамы;
- «B» шетел валютасындағы қысқа мерзімді ЭДР;
- «BB-» ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді Эмитент дефолтының рейтингісі («ЭДР»), «Тұрақты» болжамы; және
- «BBB+(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингісі, «Тұрақты» болжамы.

#### **9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошта мекенжайлары**

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жок.

#### **10. Сәйкес алқаларға (ассоциациялар, палаталар) қатыстылығын көрсетумен, соңғы аяқталған үш қаржы жылында Эмитенттің қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асырудағы) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атаулары (аудитордың тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты)**

2010, 2011 және 2012 жылдардағы шоғырландырылған қаржы есептілігінің аудитін «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді, 2006 жылғы 13 қыркүйектегі № 0000015 Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас Мемлекеттік лицензиясы.

2010 және 2011 жылдары аудиторлық компания атынан тәуелсіз аудитордың есебін «Делойт» ЖШС бас директоры Бекенов Нурлан бекітті, тапсырма бойынша серіктесі, біліктілігі бар аудитор – Татьяна Гугова, біліктілік куәлігі – 1996 жылғы 23 желтоқсандағы №0000314.

2012 жылы аудиторлық компания атынан тәуелсіз аудитордың есебін «Делойт» ЖШС бас директоры Бекенов Нурлан бекітті, тапсырма бойынша серіктесі, біліктілігі бар аудитор – Дулат Тайтулеев, біліктілік куәлігі – 2012 жылғы 27 тамыздағы №0000095.

«Делойт» ЖШС «Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасы» Кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі болып табылады.

**Сәйкес алқаларға (ассоциациялар, палаталар) қатыстылығын көрсетумен, өкілетті органға проспектіні ұсынғанға дейінгі үш жыл бойы қызмет көрсету үшін келісімшарттарға қол қойылған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңес берушілердің толық ресми атаулары**

#### **Заңгерлік кеңес берушілер**

Эмитент заңгерлік кеңес берушілердің қызметтерін пайдаланбады.

#### **Қаржы мәселелері бойынша кеңес беруші**

Облигациялар шығарылымын тіркеу және листинг рәсімдерін өту үшін құжаттар дайындауға «Сентрас Секьюритиз» Акционерлік қоғамы қатысты (02.05.2013 жылғы № 01/05/2013/26-00 қызмет көрсету келісімшарты).

«Сентрас Секьюритиз» Акционерлік қоғамы «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қазақстан қаржыгерлер Ассоциациясының мүшесі болып табылады және келесі лицензияларға ие:

- 22.09.2004 жылғы № 0401200886, атаулы ие ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокер-дилерлік қызметті жүргізуге, шектеулі мерзімсіз;
- 22.09.2004 жылғы №0403200223, инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүргізуге, шектеулі мерзімсіз.

«Сентрас Секьюритиз» Акционерлік қоғамының орналасқан жері: 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Манас көшесі, 32 А, тел. +7 (727) 259 88 77, факс +7 (727) 259 88 87.

Бірінші жетекші – Басқарма төрағасы Камаров Талғат Қайырбекұлы.

## 11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (қоғам жарғысында оның қабылдануы қарастырылған жағдайда)

Корпоративтік басқару кодексі 2010 жылғы 15 наурыздағы №01-00 Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданды.

## 2-ТАРАУ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

### 12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

Эмитент органдарының құрылымы оның Жарғысымен анықталды.

Жарғыға сәйкес, Эмитент органдары:

Жоғары орган	Акционерлердің жалпы жиналысы
Басқару органы	Директорлар кеңесі
Атқарушы орган	Президент

### Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше күзіреті

- 1) Эмитент Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексінің қабылдануы Эмитент Жарғысымен қарастырылған жағдайда кодексті бекіту, сондай-ақ, оған толықтырулар мен өзгертулер енгізу;
- 3) Эмитентті және оның еншілес ұйымдарын ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Эмитенттің жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Эмитенттің орналастырылмаған (соның ішінде бөлшектенген) жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Эмитент акциялары бойынша опциондарды және борышқорлық бағалы қағаздарды, бағалы қағаздарды айырбастау тәртібінің және шығарылымының шарттарын анықтау, сондай-ақ, оларды өзгерту;
- 6) есептеу комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және сайланған жағдайда олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің уәкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақылардың көлемі мен төлеу шарттарын анықтау, Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 8) Эмитент аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 10) акцияларды орналастыру (сату) бойынша, соның ішінде, жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы, оларды орналастырудың (сатудың) тәсілдері мен құны туралы шешімдер қабылдау;
- 11) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Эмитенттің сатып алуы және сатып алу құны туралы шешімдер қабылдау;
- 12) есеп берілетін қаржы жылындағы Эмитенттің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жыл қорытындылары бойынша, Дивидендтік саясатқа сәйкес, Эмитенттің бір қарапайым акциясы есебіне дивидент көлемін бекіту және қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 13) Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда Дивидендтік саясатқа сәйкес, Эмитенттің қарапайым акциялары бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Дивидендтік саясатты қабылдау, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ, оның күшін жою;
- 15) Эмитент акцияларының ерікті делистингісі туралы шешім қабылдау;
- 16) Эмитенттің кез келген заңдық тұлғаны құруы немесе қызметіне араласуы (соның ішінде акцияларға қол жеткізу немесе кез келген заңдық тұлғаға қатысу үлесін алу, еншілес ұйымдарға қатысу үлесін көбейту) туралы шешім қабылдау;
- 17) Эмитенттің қаржы есептілігінің соңғы төрт маусымына сәйкес, бағасы пайыздарды, салықтарды, тозулар мен өтемпұлды төлегенге дейінгі операциялық әрекеттен түсетін шоғырландырылма пайданың он пайызынан жоғары Эмитентке тиесілі негізгі ұзақ мерзімді активтерді (өзара байланысты бір немесе бірнеше келісім нәтижесінде) немесе қатысу үлесін иеліктен шығару бойынша шешім қабылдау;
- 18) жиынтық бағасы он миллион еуродан жоғары кез келген ұзақ мерзімді активтерді (өзара байланысты бір немесе бірнеше келісім нәтижесінде) немесе кез келген заңды тұлғаға қатысу үлесін алу бойынша шешім қабылдау;
- 19) бақылау пакеті немесе елу әлде одан жоғары пайызы Эмитентке тиесілі заңды тұлғалардың акцияларын иеліктен шығару;
- 20) Акционерлердің жалпы жиналысына шақыру туралы акционерлерді хабардар ету формасын

- Эмитенттің таңдауы және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 21) Заңға сәйкес Эмитенттің акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесін өзгертуді (құрылтайшы орган бекітпеген жағдайда әдістемені бекіту) бекіту;
  - 22) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
  - 23) Эмитенттің еншілес ұйымдарының қызметі мен дамуы туралы стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
  - 24) Эмитенттің қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
  - 25) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
  - 26) Заң және Жарғы бойынша шешімдерін қабылдау Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылатын өзге де мәселелер;

#### **Директорлар кеңесінің ерекше құзіреті**

- 1) Эмитент қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ, күн сайынғы шоғырландырылған бизнес-жоспарды құптау және оны өзгерту;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдау;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру, Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілуі тиіс келесі мәселелерге келісім беру: дивидендтер, акцияларды сатып алу, акцияларды, акциялар түріндегі дивидендтерді немесе Эмитенттің өзге де табыстарын бөлу, Эмитенттің жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғам акцияларының түрін, құқығын немесе формасын өзгерту, Эмитент Жарғысына немесе Дивидендтік саясатқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 4) акцияларды орналастыру (сату) бойынша, соның ішінде, жарияланғандар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастыру (сату) тәсілі және құны туралы ұсыныстар енгізу;
- 5) Эмитенттің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Эмитент облигацияларының және туынды бағалы қағаздарының шығарылым шарттарын анықтау;
- 7) атқарушы органды, оның уәкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ, қаржы директорын тағайындау және оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) сатуға арналғандардан өзге интеллектуалды меншік нысандарын пайдалану бойынша келісімдерді Эмитенттің қолдауы;
- 9) лауазымдық оқладтардың көлемін және еңбекақы төлеу, жетекші мен атқарушы органның мүшелеріне (атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асырушы тұлғалар) сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит департаментінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін, оның жетекшісі мен мүшелерін анықтау, сондай-ақ, олардың уәкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит департаментінің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу және қызметкерлеріне сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 11) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның уәкілеттік мерзімін анықтау, оның уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Корпоративтік хатшының лауазымдық оқладының көлемін және сыйақы шарттарын анықтау;
- 12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ, ірі келісімнің пәні болып табылатын немесе Эмитент акцияларының төлемі үшін берілген мүліктің нарықтық бағасын бағалаушының қызметінің төлемінің көлемін анықтау;
- 13) Эмитенттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Эмитенттің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан өзге), соның ішінде, аукциондарды өткізу мен Эмитенттің бағалы құжаттарына жазылу тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжаттарды бекіту;
- 14) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Эмитент Жарғысының 6.10.16. және 6.10.18.-тармақтарының ережелерін ескере отырып, өзге заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) Эмитенттің алуы туралы шешімдер қабылдау;
- 16) Акцияларының елу пайыздан аспайтын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен), дегенмен он және одан да көп пайызы Эмитентке тиесілі заңды тұлға Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы құзіретіне қатысты қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) жыл сайынғы Бизнес-жоспарда көзделген-көзделмегендігіне қарамастан, он миллион еуродан астам қаражатқа пара-пар Эмитент міндеттерінің көлемін ұлғайту, жыл сайынғы Бизнес-жоспарда қарастырылған нақты міндеттер мен шығындардың қосымша бекітілуі қажет емес;
- 18) шығындарды өтеу келісімімен үшінші тұлғалардың міндеттерін алу немесе үшінші тұлғалардың міндеттеріне қарыздар мен кепілдер беру бойынша шешімдерді қолдау,
- 19) тіркеушімен келісімшартты бұзған жағдайда Эмитенттің жаңа тіркеушісін таңдау;
- 20) заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпияны құрайтын Эмитент немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 21) жасалуына Жарғының 6.10.16-тармағының ережелеріне сәйкес Эмитент қызығушылық танытқан және ірі келісімдер жасау туралы шешімдер қабылдау;
- 22) Жарғының 6.10.16-тармағының ережелеріне сәйкес жеке немесе жиынтығында он миллион еуродан астам қаражатқа пара-пар теңгерімдік бағасы бар Эмитент активтерін иеліктен шығару (сату, жалға

- 23) беру немесе өзге де тәсілмен) біріктіру, қосу туралы шешімдерді қолдау;  
 Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын Эмитенттің нақты Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы Ережеде қарастырылған өзге де мәселелер.

**Атқарушы органның құзыреті:**

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекеттенеді;
- 3) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның өкілі болуға сенімхат береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (Заңмен бекітілген жағдайларды қоспағанда), оларға сыйақы беру шараларын қолданады, тәртіптік айыппұл салады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық оқпақтарының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес оқпақтарға қосылатын жеке үстемақылардың көлемдерін бекітеді, Қоғамның Ішкі аудит департаментінің құрамындағы қызметкерлерден өзге Қоғам қызметкерлерінің сыйақы көлемін анықтайды;
- 5) Жыл сайынғы Бизнес-жоспардың құрылуын ұйымдастырып, оны ағымдағы жылдың 30 қарашасынан кешіктірмей Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынады;
- 6) Нақты Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

**13. Эмитент Директорлар кеңесінің (қадағалау кеңесінің) мүшелері**

Эмитент Директорлар кеңесі Төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты, туылған жылы	Директорлар кеңесі әр мүшесінің хронологиялық тәртіпте берілген соңғы үш жылдағы лауазымдары, соның ішінде, қосымша жұмыстары және лауазымдарға ие болған күндері	Қатысу үлесін көрсетумен, Директорлар кеңесі мүшелерінің Эмитенттің жарғылық капиталына қатысуы	Қатысу үлесін көрсетумен, Директорлар кеңесі мүшелерінің еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы
<p><b>Директорлар кеңесінің төрағасы</b></p> <p>Клебанов Александр Яковлевич 1963 жылы туылған</p>	<p><b>6) 30.06.2004 ж. – бүгінге дейін</b> «Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>7) 20.08.2007 ж. – бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>8) 10.10.2009 г.– бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>9) 16.03.2009 г. – бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>10) 01.09.2010 г. – бүгінге дейін</b> «Институт КазНИПИЭнергопром» АҚ / Кеңесші</p>	<p>0%</p>	<p>«Орталық-Азия жылу энергетикалық компаниясы» АҚ акцияларының 30,9993%</p>
<p><b>Директорлар кеңесінің мүшесі</b></p> <p>Амирханов Еркын Адамиянович 1967 жылы туылған</p>	<p><b>12) 30.06.2004 г. – бүгінге дейін</b> «Эксимбанк Қазақстан» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>13) 20.08.2007 г.– бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>14) 01.07.2001 г. – бүгінге дейін</b> «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>15) 10.11.2009 г. – бүгінге дейін</b> «СОЛТКАЗЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>16) 16.03.2009 г.– бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>17) 19.03.2009 г. – 14.04.2011 г.</b> «ОИУПА «Жетісу» АҚ / Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>18) 13.04.2009 г. – 19.04.2011 г.</b> «Ұлар Үміт» ЖЗК» АҚ/ Директорлар кеңесінің</p>	<p>0%</p>	<p>«Орталық-Азия жылу-энергетикалық компаниясы» АҚ акцияларының 30,993%</p>

	<p>төрағасы  <b>19) 26.01.2009 г. – 30.06.2010 г.</b>  «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ/  Директорлар кеңесінің төрағасы (тәуелсіз директор)  <b>20) 22.04.2011 г. – бүгінге дейін</b>  «Орталық-Азия Электроэнергетикалық  Корпорациясы» АҚ/ Президент  <b>21) 30.11.2011 г. – бүгінге дейін</b>  «Ақмола Электржелісін Тарату Компаниясы» АҚ/  Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>22) 23.01.2012 г. – бүгінге дейін</b>  «Трест Средазэнергомонтаж» АҚ/ Директорлар  кеңесінің төрағасы (тәуелсіз директор)</p>		
<p><b>Директорлар  кеңесінің  мүшесі</b></p> <p>Артамбаева  Гульнара  Джумағалиевна  1969 жылы  туылған</p>	<p><b>8) 16.06.2000 г. -бүгінге дейін</b>  «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы»  АҚ/ Президент, Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>9) 30.06.2004 г. -бүгінге дейін</b>  «Эксимбанк Қазақстан» АҚ/ Директорлар кеңесінің  мүшесі  <b>10) 27.06.2002 г. - бүгінге дейін</b>  «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің  мүшесі  <b>11) 07.10.2002 г. - бүгінге дейін</b>  «Павлодар Электржелісін Тарату Компаниясы» АҚ/  Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>12) 13.06.2007 г. -бүгінге дейін</b>  ««Астана» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ/  Директорлар кеңесінің төрағасы  <b>13) 27.04.2007 г. - бүгінге дейін</b>  «АИФРИ «ОАОЭК Инвест» АҚ/ Директорлар  кеңесінің төрағасы  <b>14) 16.03.2009 г. – бүгінге дейін</b>  «Орталық-Азия Электроэнергетикалық  Корпорациясы» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	0%	«Орталық-Азия жылу- энергетикалық компаниясы» АҚ акцияларының 7,0019%
<p><b>Директорлар  кеңесінің  мүшесі</b></p> <p>Дас Деварши  (DasDevarshi)  1972 жылы  туылған</p>	<p><b>3) 03.04.2006 г. – бүгінге дейін</b>  Capital Advisers Partners Asia Pte Ltd / Аға директор  <b>4) 16.07.2012 г. – бүгінге дейін</b>  «Орталық-Азия Электроэнергетикалық  Корпорациясы» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	0%	0%
<p><b>Директорлар  кеңесінің  мүшесі</b></p> <p>Вуд Грэхэм  Джон  (WoodGrahamJohn)  1951 жылы  туылған</p>	<p><b>5) 20.01.2009 г. – 24.04.2013 г.</b>  ENEAS A/ Бақылау кеңесінің мүшесі және аудит  бойынша Комитеттің мүшесі  <b>01.07.2009 г. – бүгінге дейін</b>  West Herts College/ Аудит бойынша комитеттің  төрағасы  <b>6) 10.07.2009 г. – 15.03.2012 г.</b>  FreenergyAS/ Бақылау кеңесінің мүшесі  <b>7) 16.07.2012 г. – бүгінге дейін</b>  «Орталық-Азия Электроэнергетикалық  Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	0%	0%
<p><b>Директорлар  кеңесінің  мүшесі, тәуелсіз  директор</b></p> <p>Кайзер Франц –  Йозеф  (KaiserFranz-J.)  1949 жылы  туылған</p>	<p><b>3) 17.11.1975 г. – 30.06.2009 г.</b>  ПрайсУотерХаусКуперс / Серіктес  <b>4) 2005 г. – бүгінге дейін</b>  «ЕЭС России» РАҚ / Жоба бойынша серіктес  ПрайсУотерХаусКуперс  <b>3) 10.10.2009 г. – бүгінге дейін</b>  «Орталық-Азия Электроэнергетикалық  Корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі,  тәуелсіз директор</p>	0%	0%
<p><b>Директорлар  кеңесінің  мүшесі, тәуелсіз  директор</b></p> <p>Керр Манфред</p>	<p><b>4) 01.04.2008 г. – 31.12.2010 г.</b>  RWEPowerInternational Ессен, Кельн / Басқарушы  директор, Аға кеңесші  <b>5) 25.02.2011 г. – бүгінге дейін</b>  SocietyofRheinRuhrPowere.V. / Директорлар кеңесінің  төрағасы</p>	0%	0%

Йозеф (Kehr Manfred Josef) 1947 жылы туылған	<b>6) 25.10.2011 г.– бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор		
Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор  Мусин Искандер Аскатович 1974 жылы туылған	<b>7) 10.09.2008 г. - бүгінге дейін</b> «Қазмұнайгазмаш» АҚ/ Бас директор <b>8) 05.10.2010 г. - бүгінге дейін</b> «Қазмұнайгазмаш» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі <b>9) 18.03.2009 г. - бүгінге дейін</b> «Орталыққазэнергомонтаж» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор <b>10) 05.05.2009 г. - бүгінге дейін</b> «Трест Средаэнергомонтаж» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор <b>11) 15.04.2011г. - бүгінге дейін</b> ««Астана» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор <b>12) 25.10.2011 г.– бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор	0%	0%

### Эмитенттің соңғы екі жылдағы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер және олардың себептері

Соңғы екі жыл ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды:

- 1) 2011 жылғы 20 маусымдағы Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Эмитенттің Директорлар кеңесінің құрамына мүшелікке Осборн Дэвид Делано Франклин мырза сайланды;
- 2) 2011 жылғы 25 қазандағы Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Эмитенттің Директорлар кеңесінің құрамы жаңа мерзімге сайланды, Директорлар кеңесінің құрамына келесі тәуелсіз мүшелер сайланды: Керр Манфред Йозеф және Мусин Искандер Аскатович мырзалар.
- 3) 2011 жылғы 01 желтоқсандағы Эмитент Директорлар кеңесінің шешімімен Эмитенттің Директорлар кеңесінің төрағасы лауазымына әрекеттегі Директорлар кеңесі құрамының уәкілеттік мерзімімен Клебанов Александр Яковлевич мырза сайланды;
- 4) 2012 жылғы 01 маусымда Қайта құру мен даму Еуропа Банкінің өкілі Форбс Линдси Моффат мырзаның Эмитент Директорлар кеңесінің мүшесі уәкілеттігі тоқтатылды;
- 5) 2012 жылғы 22 маусымда Kaz Holdings Co-operative U.A. өкілі Осборн Дэвид Делано Франклин мырзаның Эмитент Директорлар кеңесінің мүшесі уәкілеттігі тоқтатылды;
- 6) 2012 жылғы 16 маусымдағы Эмитент Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Эмитенттің Директорлар кеңесінің құрамына мүшелікке Дас Деварши және Вуд Грэхэм Джон мырзалар сайланды;

### 13-1. Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері (болған жағдайда)

#### 1) Аудит бойынша комитет

- 1) Директорлар кеңесінің 25.02.2010 ж. №1 шешімімен «ОАЭК» АҚ Директор кеңесі жанынан Аудит бойынша комитет құрылды, оның құрамына Директорлар кеңесінің келесі мүшелері сайланды: Кайзер Франц-Йозеф мырза, Артамбаева Гульнара Джумагалиевна ханым және Форбс Линдси Моффат мырза.
- 2) Директорлар кеңесінің 24.07.2012 ж. №5 шешімімен «ОАЭК» АҚ Директор кеңесі жанындағы Аудит бойынша комитеттің құрамына шығып қалған Форбс Линдси Моффат мырзаның орнына Вуд Грэхэм Джон мырза сайланды.

#### Аудит бойынша комитеттің құрамы:

- 4) Кайзер Франц-Йозеф – 1949 жылы туылған;
- 5) Артамбаева Гульнара Джумагалиевна – 1969 жылы туылған;
- 6) Вуд Грэхэм Джон – 1951 жылы туылған.

#### Аудит бойынша комитеттің құзыретіне мыналар жатады:

##### 1) Қаржы есептілігі мәселелері бойынша:

- Эмитент жетекшілігімен және сыртқы аудитормен қаржы есептілігін талқылау, Эмитенттің жылдық қаржы есептілігін алдын-ала қолдау;
- Ұжымдық есепке алу саясатына енгізуге ұсынылған өзгерістерді талқылау, ұжымдық есепке алу



- саясатын алдын-ала қолдау;
  - Сыртқы аудитор мен Эмитент жетекшілігі арасындағы кез келген маңызды келіспеушіліктерді қарастыру;
  - Эмитенттің сыртқы аудиторын тағайындау және өзгерту қажеттілігі бойынша мәселені зерттеу және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау.
- 2) Ішкі аудит, қауіп-қатерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша:**
- Ішкі аудит департаменті (әрі қарай - ІАД) мен Қауіп-қатер менеджменті департаменті (әрі қарай - ҚМД) қызметіне жетекшілік ету;
  - ІАД және ҚМД ішкі құжаттарының жобаларын, рәсімдері мен саясатын, қауіп-қатерді басқару жүйесі (ҚБЖ) және ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) бойынша Эмитенттің басқару есептілігінің формаларын қарастыру және қиыстыру, ҚБЖ мен ІБЖ-ны жетілдіру мақсаттарында оларды өзгерту бойынша ұсыныстарды дайындау;
  - Жұмыс нәтижелері мен маңыздырақ комментарийлерді жинақталған форматта ұсынатын ІАД және ҚМД-ның тұрақты есептерін талдау;
  - Қауіп-қатерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне қатысты Эмитенттің ішкі және сыртқы аудиторлары ұсыныстарының сақталуын бақылау;
  - Эмитенттің ҚБЖ мен ІБЖ-ның тиімділігін талдау;
  - Шыдамдылық деңгейін, Эмитенттің тәбет қауіп-қатерін, сондай-ақ, ҚБЖ мен ІБЖ-ны жетілдіру жоспарын қарастыру және қиыстыру;
  - Ішкі бақылауды жетілдіру Жоспарларын және маңызды қауіп-қатерлерді басқару шаралары Жоспарларын, ішкі бақылау мәселелерін және маңызды қауіп-қатерлерді қарастыру үшін Эмитент жетекшілігімен тұрақты кездесулер;
  - Эмитенттің корпоративтік басқаруының қағидаларын енгізу және сақтау;

Комитеттің пікірінше Эмитент Директорлар кеңесінің тарапынан әрекеттерді қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды Комитет Эмитенттің Директорлар кеңесіне мәлімдейді. Аудит бойынша комитет «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті туралы ережесіне» сәйкес қызмет атқарады.

## **2) Техникалық комитет**

- 1) Директорлар кеңесінің 06.03.2012 ж. №2 шешімімен «ОАЭК» АҚ Директор кеңесі жанынан Техникалық комитет құрылды, оның құрамына Директорлар кеңесінің келесі мүшелері енді: Кайзер Франц-Йозеф мырза, Амирханов Ерқын Адамиянович мырза және Форбс Линдси Моффат мырза, Осборн Дэвид Делано Франклин мырза.
- 2) Директорлар кеңесінің 24.07.2012 ж. №5 шешімімен «ОАЭК» АҚ Директор кеңесі жанындағы Техникалық комитеттің құрамына шығып қалған Форбс Линдси Моффат және Осборн Дэвид Делано Франклин мырзалардың орнына Дас Деварши және Вуд Грэхэм Джон мырзалар сайланды.

### **Техникалық комитет құрамы:**

- 5) Керр Манфред-Йозеф– 1947 жылы туылған;
- 6) Амирханов Ерқын Адамиянович – 1967 жылы туылған;
- 7) Дас Деварши - 1972 жылы туылған;
- 8) Вуд Грэхэм Джон – 1951 жылы туылған.

### **Техникалық комитеттің құзыретіне мыналар енеді:**

- 1) Эмитенттің еншілес ұйымдарының өндірістік кешендерін жаңғырту мен қаруландырудың техникалық жобаларын, инвестициялық бағдарламаларын орындаудың қажеттілігін қарастыру және бағалау;
- 2) Эмитенттің еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларына қаражат бөлудің тиімділігін қарастыру және бағалау;
- 3) Эмитенттің еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларының экологиялық көрсеткіштерін қарастыру және бағалау;
- 4) Эмитенттің еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларының энерготімділігін қарастыру және бағалау;
- 5) Эмитент және оның еншілес ұйымдары қызметтерінің күрделі қауіп-қатерінің әсерін қарастыру және талдау, Директорлар кеңесіне есептер дайындау;
- 6) Комитеттің қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі шешімінің жобасын дайындауға Комитет қатыса алады.
- 7) Комитеттің пікірінше Эмитент Директорлар кеңесі тарапынан әрекетті талап ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды Эмитенттің Директорлар кеңесіне мәлімдейді.

### 3) Стратегиялық комитет

- 1) Директорлар кеңесінің 28.11.2012 жылғы №7 шешімімен «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанынан Стратегиялық комитет құрылды.

#### Стратегиялық комитеттің құрамы:

- 1) Керр Манфред-Йозеф – 1947 жылы туылған;
- 2) Амирханов Ерқын Адамиянович – 1967 жылы туылған;
- 3) Дас Деварши - 1972 жылы туылған;
- 4) Вуд Грэхэм Джон – 1951 жылы туылған.

#### Стратегиялық комитеттің құзыретіне мыналар енеді:

- 1) Эмитент қызметінің басым бағыттарын, дамуының стратегияларын қарастыру және бағалау;
- 2) Эмитент дамуының жоспарларын, бағдарламаларын, саясатын, тұжырымдамаларын және олардың жүзеге асуының нәтижелерін қарастыру және бағалау;
- 3) Эмитент қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін қарастыру және бағалау;
- 4) Эмитент бюджетін және оның орындалуының нәтижелерін қарастыру және бағалау;
- 5) Комитеттің қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар кеңесі шешімінің жобасын дайындауға Комитет қатыса алады.
- 6) Комитеттің пікірінше Эмитент Директорлар кеңесі тарапынан әрекетті талап ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды Эмитенттің Директорлар кеңесіне мәлімдейді.

### 4) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті

Директорлар кеңесінің 13.03.2013 жылғы №2 шешімімен «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанынан Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті құрылды.

#### Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамы:

6. Мусин Искандер Аскатович – 1974 жылы туылған;
7. Амирханов Ерқын Адамиянович – 1967 жылы туылған;
8. Артамбаева Гульнара Джумағалиевна – 1969 жылы туылған;
9. Вуд Грэхэм Джон – 1951 жылы туылған;
10. Кайзер Франц-Йозеф – 1949 жылы туылған.

#### Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің құзыретіне мыналар енеді:

- 1) Атқарушы орган жетекшісі, атқарушы орган мүшелері, Ішкі аудит департаменті және Қауіп-қатерді басқару департаменті директорлары, Корпоративтік хатшы лауазымдарына, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құзыретінен тыс Эмитент көмекші бөлімшелерінің және өзге де органдарының лауазымдарына үміткерлер бойынша ұсыныстар жасау;
- 2) Кадрлық резервті жоспарлау бағдарламаларын бағалау;
- 3) Атқарушы органға, Ішкі аудит және Қауіп-қатерді басқару департаменттеріне, Корпоративтік хатшыға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құзыретінен тыс Эмитенттің көмекші бөлімшелері мен өзге де органдарына қосымша сыйақы берудің құрылымы және саясаты бойынша ұсыныстар дайындау;
- 4) Әкімшілік және басқарушы, жетекші қызметкерлердің еңбекақысын төлеу мәселелері бойынша Эмитент ережелерін және саясатын, Эмитент қызметкерлерінің лауазымдық оқладтарының кестесін қарастыру және бағалау;
- 5) Жыл қорытындысы бойынша сыйақыларды төлеу мәселелерін қарастыру;
- 6) Әлеуметтік мәселелердің шешілуіне әсер ету;
- 7) Комитеттің пікірінше Эмитент Директорлар кеңесі тарапынан әрекетті талап ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды Эмитенттің Директорлар кеңесіне мәлімдейді.

### 13-2. Ішкі аудит департаменті

Ішкі аудит департаментінің директоры – Рахимберлинова Жанар Жандарбековна, 1973 жылы туылған, аталмыш лауазымға ие болған күні – 01.10.2010 жыл.

### 14. Эмитенттің атқарушы органы – Президент

Эмитенттің жеке-дара атқарушы	Эмитенттің жеке-дара атқарушы органы қызметін жүзеге асырушы тұлғаның лауазымы немесе Эмитенттің алқалық атқарушы	Эмитенттің төленген жарғылық	Өзге ұйымдардың төленген
-------------------------------	---	------------------------------	--------------------------

органы қызметін жүзеге асырушы тұлғаның тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты, туылған жылы	органының әр мүшесінің хронологиялық тәртіпте берілген соңғы үш жылдағы лауазымдары, соның ішінде, қосымша қызметтері және лауазымға ие болған күндері	капиталына қатысу үлесі	жарғылық капиталына қатысу үлесі
<p><b>Президент</b></p> <p>Амирханов Ерқын Адамиянович 1967 жылы туылған</p>	<p><b>13) 30.06.2004 г. – бүгінге дейін</b> «Эксимбанк Қазақстан» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>14) 20.08.2007 г. – бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ/ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>15) 01.07.2001 г. – бүгінге дейін</b> «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p><b>16) 10.11.2009 г. – бүгінге дейін</b> «СОЛТКАЗЭНЕРГО» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p><b>17) 16.03.2009 г. – бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>18) 19.03.2009 г. – 14.04.2011 г.</b> «ООИУПА «Жетысу» АҚ / Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>19) 13.04.2009 г. – 19.04.2011 г.</b> ««Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p><b>20) 26.01.2009 г. – 30.06.2010 г.</b> «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ/ Директорлар кеңесінің төрағасы (тәуелсіз директор)</p> <p><b>21) 22.04.2011 г. – бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық корпорациясы» АҚ/ Президент</p> <p><b>22) 25.10.2011 г. – бүгінге дейін</b> «Орталық-Азия Электроэнергетикалық корпорациясы» АҚ / Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>23) 30.11.2011 г. – бүгінге дейін</b> «Ақмола Электржелісін Тарату Компаниясы» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p><b>24) 23.01.2012 г. – бүгінге дейін</b> «Трест Средазэнергомонтаж» АҚ / Директорлар кеңесінің төрағасы (тәуелсіз директор)</p>	<p>0%</p>	<p>«Орталық-Азия жылу-энергетикалық компаниясы» АҚ акцияларының 30,9993%</p> <p>«"ОАОЭК Инвест" қауіп-қатерлік инвестиция лаудың акционерлік инвестициялық қоры» АҚ акцияларының 19,242%</p> <p>"ОАОЭК Инвестмент Групп" ЖШС жарғылық капиталының 33,33% қатысу үлесі</p>

**Президент уәкілеттігі:**

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Эмитенттің атынан сенімхатсыз әрекет ете алады;
- 3) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Эмитенттің мүддесін қорғау үшін сенімхат береді;
- 4) Эмитент қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (Заңмен бекітілген жағдайларды қоспағанда), оларға сыйақы шараларын қолданады, тәртіптік айыппұл салады, Эмитент қызметкерлерінің лауазымдық окладтарының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес окладтарға қосылатын жеке үстемақылардың көлемдерін бекітеді, Қоғамның Ішкі аудиті департаментінің құрамындағы қызметкерлерден өзге Эмитент қызметкерлерінің сыйақы көлемін анықтайды,
- 5) Жыл сайынғы Бизнес-жоспардың құрылуын ұйымдастырып, оны ағымдағы жылдың 30 қарашасынан кешіктірмей Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынады;
- 6) Нақты Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Эмитент Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

**15. Эмитенттің атқарушы органының уәкілеттігі өзге коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда**

Эмитенттің атқарушы органының уәкілеттігі өзге коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеді.


**16. Директорлар кеңесі және атқарушы орган мүшелеріне, Эмитенттің өзге де жетекші тұлғаларына төленетін сыйақы**

мың теңге

	<b>Органның атауы</b>	<b>Облигациялық бағдарлама шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейінгі үш ай ішінде алынған сыйақы</b>	<b>Облигациялық бағдарлама шығарылымы туралы шешім қабылданған күннен кейінгі он екі ай ішінде төленуге жоспарланған сыйақының жалпы көлемі</b>
	Директорлар кеңесі	8 146	32 400
	Директорлар кеңесінің комитеттері	0	0
	Президент	4 111	22 800

